

## Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі N 21 /04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қазанда N 1949 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы N 04/46 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 18.02.2014 N 04/46 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Зандарына сәйкес Сәтбаев қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы 1 наурыздан бастап үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі – әлеуметтік көмек).
2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсан сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде берілсін.

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған мүгедек балалардан басқа) үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және басқа занды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысы білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі жаңындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгілеген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсүіне байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

4. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

"бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Капарова Т.Ф.) әлеуметтік көмекті тағайындауды және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Сәтбаев қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Сакеев Е.Х.) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары М.С. Мәдиеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған қүннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Сәтбаев қаласының әкімі

Б.Д. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК